

Облыстың 1998-2000 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының орындалу барысы туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімінің 1998 жылғы 24 желтоқсандағы № 853 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 20 наурызда № 80 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

Облыстың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын, облыстың, Қызылорда қаласының және аудандардың 1998 - 2000 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөнінде біршама шаралар қабылдауда.

Облыстың Стратегиялық даму жоспарында осы жылға 188 шара қаралып, олар негізінен орындалды.

Қаралған шараларды іске асыру көптеген жағдайда экономиканың нақты секторын сауықтыру, бюджет саласын реформалау және облыс экономикасына инвестициялар тарту арқылы біршама экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және белсенді әлеуметтік саясатты жүргізуге ықпал етті.

Агроөнеркәсіп кешенінде осы жылдың 11 айында ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1997 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 2.7 процентке, сүт өндіру 37.3 процентке, жұмыртқа - 68.8 процентке өсті. Күріш артық жиналып, оның өнімділігі артты.

Шағын кәсіпкерлікті дамытуда біршама табыстарға қол жетті, субъектілер саны, онда еңбекке қамтылғандар, олардың өндірген өнім көлемі мен бюджетке төлемдері өсті.

Өндірілген өнеркәсіп өнімінің көлемі (13,0%-ке), оның ішінде мұнай өндіру (15,1%-ке) көбейді. Облыстың көлік комплексі мен телекоммуникациясын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Қоршаған ортаны қорғау, сумен жабдықтау және сумен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім, мәдениет деңгейін көтеру. кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес жөнінде шаралар әзірленіп, іске асырылды.

Дегенмен, аудан және қала әкімдерінің, облыстық басқармалардың, комитеттердің, департаменттер мен ведомстволардың облыстың Стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарын орындаудағы жұмыстарында елеулі кемшіліктер

бар. Стратегиялық жоспардағы 6-шара қаражаттың болмауынан орындалмай қалды, 3-еуі тиісті министрліктер мен ведомстволардың келісімі бойынша 1999 жылға қалдырылды.

Шаралар жоспарында жоспарланған барлық пункттердің уақытылы және толық орындалуының камтамасыз етілмеуі біршама дәрежеде өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне, әлеуметтік және экологиялық саясатты іске асыруға теріс ықпалын тигізді.

Көрсетілген кемшіліктер мен олқылықтар жергілікті атқарушы органдар тарапынан облыстың 1998 жылға арналған Стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөніндегі шараларын сөзсіз іске асыруға бақылауды әлсіреткенінің салдарынан болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын және 1998 - 2000 жылдарға арналған облыстың, Қызылорда қаласының және аудандардың Стратегиялық даму жоспарларын уақытылы және толық орындау мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Облыстық экономика басқармасының бастығы Б. М. Шәменованың осы мәселе жөніндегі ақпараты қаперге алынсын.

2. Облыстың Стратегиялық даму жоспарын іске асыру жөніндегі 1999 жылға арналған шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Жергілікті атқарушы органдардың облыстың 1998 - 2000 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын орындау жөніндегі қызметін үйлестіру және оның іске асырылуын бақылау облыстық экономика басқармасына жүктелсін.

4. Облыстың 1998 - 2000 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарын іске асыру үшін аудан және Қызылорда қаласы әкімдері, облыстық басқармалар, комитеттер, департаменттермен ведомстволар басшылары жеке - дара жауап береді деп белгіленсін.

5. Жауапты атқарушылар болып табылатын жергілікті атқарушы органдар облыстық экономика басқармасына жылына 2 рет 15 маусымға және 15 желтоқсанға дейін шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар туралы ұсыныс енгізе алады деп белгіленсін.

6. Аудан және Қызылорда қаласы әкімдері, облыстық басқармалардың, комитеттердің, департаменттер мен ведомстволардың басшылары осы шаралар жоспарын уақытылы және толық орындауды камтамасыз етсін және атқарылу барысы туралы тоқсан сайын есепті тоқсанның соңғы айының 20-күніне дейін облыстық экономика басқармасына ақпарат ұсынсын.

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің бірінші орынбасары С. Нұрғисаевқа жүктелсін.

Әкім

Б. Сапарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК